

## 2021-2022 оқу жылында тәрбие ісі жұмыстары бойынша атқарылған іс-шаралар есебі.

Мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға бейімдеу аса маңызды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың денсаулығына және тәрбиесіне ерекше мән берілуі тиіс.

Осыған орай педагогтарда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жеке даму бағдарламасын пайдаланып отырып жұмыс жасайды.

Даму дегеніміз ең алдымен, адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік орта жағдайында өтеді. Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан карағанда тәрбие қоғам бақылайтын және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып, бағыттайтын үрдіс. Қоғамның жаһанданған қазіргі және болашық өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие үрдісі жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі. Олай болса, бұл үрдіс балаға ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұраны меңгертіп, сол арқылы осы заманғы мәдениетке енуіне мүмкіндік береді. Нәтижелі жүйелі тәрбие жеке тұлғаны дамытады, адамның қоғамдағы орнын анықтайды. Баланың оны игеруі барынша қысқа мерзімде атқарылуы тиіс.

Ерекше балаларды оқыту мен қатар тәрбиелік-мәдени жағынана да қоғамнан тыс қалдырмау мақсатында 2021-2022 оқу жылының басында 26.08.2021 жылдың 1- отырысындағы бекітілген жоспар бойынша тәрбие жұмыстары бойынша жоспар құрылып, бекітілген болатын.

Бекітілген жоспарға сәйкес оқу жылын «1-қыркүйек Білім күніне» арналған іс-шарамен басталды. Балаларға мерекелік атмосфераны сезіндіру мақсатында мектептің ішкі және сыртқы бөліктері тақырыпқа сай етіп безендірілді. Мерекелік іс-шарада тақырыпқа сай қойылымдар мен концерттік номерлер қойылды.



Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында, мектепте «Алтын күз» тақырыбында сыныптар арасында ертеңгіліктер өткізілді. Бұл іс-шара қазан айында апталық болып өтті. Барлық іс-шаралардың бағдарламасы тақырыпқа сай және балалардың даму деңгейін ескере отырып жасалынды. Балаларымызға күз бейнесін толық түсіндіру, балалардың елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында, және іс-шараны толық сезіне білдіру үшін мұғалімдер мен мамандар мектеп ішін тақырыпқа сай безендірді.




Мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбиесі мен дамуында арнайы мамандармен қатар баланың отбасының орны ерекше екенін ескере отырып, отбасылық тәрбие бағыты бойынша «Менің отбасым» тақырыбында балалар арасынан суреттерден көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмеде балалар отбасының суреттері мен өздерінің қиялындағы бақытты отбасының бейнесін көрсете білген суреттерінен көрме жасалды. Көрме апталығы басталмас бұрын балалармен тақырыптық тәрбие сағаттары өткізілді. Көрме барысында әр суреттің иесі сол суретті бейнелеп, отбасы мүшелерін атап таныстырды. Соңында балаларды мадақтау рәсімі өтті.



Балаларды патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағыты бойынша «16-желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай апталық ұйымдастырылды. Апталық ең алғаш сыныптар мен мектеп фойесін тақырыпқа сай етіп безендірумен басталды. Балаларға тақырыпты ауқымды түрде түсіндіру мақсатында барлық сыныптарда «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сынып сағаттары балалардың ерекшелігін ескере отырып танымдық тұрғыдан ойын түрінде өткізілді. Апталық ары қарай балалар арасында тақырыптық қолөнер сайысымен жалғасын тапты. Балалар

мемлекеттік рәміздерімізді ермексаздан жасау, суретті бояу, немесе басқа да материалдардан жасау арқылы бейнелеп көрсете білді. Салауатты өмір салты бағыты бойынша Тәуелсіздік мерекесіне орай сыныптар арасында «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» атты спорттық ойындар ұйымдастырылып, балалардың бойын шынықтыру мақсатында, даму ерекшеліктеріне қарай түрлі қызықты ойындар ойнатылды. Апта соңында ұжым қызметкерлері ұйымдастырған, балалардың қатысуымен «Тәуелсіз ел-Қазақстан» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шара барысында концерттік бағдарламадан бөлек, өткен апталықта белсенділігімен көзге түскен балалар, сайыстарда марапатталған балаларды марапаттау рәсімі өтті.



Желтоқсан айы ары қарай Жаңа жыл мерекесімен жалғасын тапты. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, танымдық қабілеттерін, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында жаңа жылдық сыныптар мен мектепті безендіруге арналған ойыншықтарды мұғалімдердің көмегімен балалардың өз қолымен және өз қиялдарымен жасауға мүмкіндік берілді, барлық керекті заттармен сыныптар қамтамасыз етілді. Апталық соңында балалардың көңіл-күйін көтеру, жаңа жылдағы сыйқырлы атмосфераны сезіндіру мақсатында сырттан шақыртылған қонақтардың қойылымы бойынша үлкен мерекелік іс-шара өтілді. Іс-шара соңында өткен жарты жылдықтың қорытындысы бойынша өзін жақсы қырынан көрсете білген балаларды марапаттау, балаларға Аяз ата тарапынан сыйлықтар тапсырумен жалғасты.




Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша қаңтар айында балалар арасында «Денсаулық күніне» арналған спорттық ойындар ұйымдастырылды. Ойын барысында балалар даму деңгейіне байланысты топтастырылып ойнатылды. Іс-шара соңында балалар марапатталды.



Жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес, балаларымыз көктемнің алғашқы мерекесі «8-наурыз-Халықаралық әйелдер күнін» атап өтті. Бұл мереке қарсаңында балалар әдеттегідей сыныптарында мұғалімдерінің көмегімен өз аналарына ашық хат дайындап, тақпақ жаттаудан бастады. Сыныптарда қабырға газеттерін іліп, безендіру жұмыстары жүргізілді. Мерекеге орай «Сүйкімді арулар» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның ерекшелігі, бағдарламада тек ұл балалардың өнерін тамашалау болды. Іс-шара барысында ұл балалар концерттік бағдарламамен қатар, әр қыз балаға өз сыйлықтарын ұсынды.




Наурыз айы ұлттық тәрбие бағытында «Қош келдің Өз наурыз» атты 22-наурыз мерекесімен жалғасын тапты. Бұл мереке апталық болып ұйымдастырылды. Алдымен әдеттегідей безендіру шаралары мен балаларға түсіндірме жұмысы ретінде сынып сағаттары өтілді. Апта барысында сынып аралық ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылып, ұлттық тағамдардан құралған мерекелік дастархан жайылып, балалар ұлттық тағам түрін таныстыру шаралары өтті. Сонымен қатар мектеп басшылығымен ұйымдастырылған қала мектептерінің оқушыларынан құралған еріктілердің қатысуымен ауқымды «Ұлттық қазына» атты ұлттық ойындардан қойылым көрсетілді. Апта соңында ұжым қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Наурыз-думан» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. іс-шара барысында ұлттық ойындар мен ұлттық тағамдар сайысында өнерлерімен көзге түскен балаларды марапаттау рәсімі өтті.



Сәуір айында «12 сәуір-Ғарышкерлер күніне» орай балалар арасында қолөнерден көрме ұйымдастырылды. Көрмеде балалардың ғарыш жайындағы қиялдары іске асты. Балалар өз қолдарымен және ата аналар мен мұғалімдердің көмегімен жасаған туындыларын көрерменге ұсынып, оны таныстыра білді.



«1-мамыр-Халықтар достығы күні» мерекесіне орай, сыныптар арасында сынып сағаттары өтіліп, сыныптарды безендіру жұмыстары жүргізілді. Мерекелік іс-шарада ұжым қызметкерлерінің ұйымдастыруымен балалардың қатысуымен түрлі ұлттардың биі мен өнерлерінен үзінділер көрсетілді.




Балалар бойында патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатында «7-мамыр-Отан қорғаушылар күні» және «9-мамыр-Ұлы жеңіс күні» мейрамдарының қарсаңында апталық ұйымдастырылды. Аптадлық алдымен сыныптарда қабырға газеттері мен буклеттер жасаудан басталып, балалардың тақырыптық суреттерінен құралған көрмемен жалғасты. Апталық барысында «Мен жауынгер боламын» атты спорттық ойындар ұйымдастырылып, апта соңында мерекеге орай концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Іс-шара барысында тақырыптық видеоролик көрсетіліп, балаларға ерекше сезім сыйлады.



Жыл соңында соңғы қоңыраумен қатар, «Балаларды қорғау күні» мерекесін атап өту жоспарланды. Мерекеді концерттік бағдарламамен қатар сырттан келген қонақтарымыздың түрлі қойылымдары орын алды. Ұжым

қызметкерлеріміздің шақыртуымен келген аниматорлардың қойылымы балаларымыздың көңілінен ерекше орын алды. Сонымен қатар іс-шара барысында мамандардың ұйымдастыруымен түрлі ойындар ойнатылып, балаларға қайталанбас көңіл-күй сыйлады. Және де мереке барысында мектеп директоры жылдық қорытындының нәтижесінде жыл үздіктері мен белсенділерін марапаттау рәсімін өткізді.



Жыл бойына аталған тәрбиелік бағыттағы іс-шаралардан бөлек тоқсан сайын ата-аналар жиналысы мен балалардың даму деңгейін жақсарту, тәрбиелік бағытқа жаңа леп алып келу және ұжымдық жұмыстардың барысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы талқылаулар өтіліп, қаулы қабылданып, хаттамалар жүргізіліп отырды.